

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
(2022жылғы 31 тамыздағы №1 хаттама)


«БЕКІТІЛМІН»
 КМҚК «Қанна» бөбекжай-бақшасының
 меңгерушісі *А. Макулбекова*
 «31» тамыз 2022 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы
Мектепке дейінгі дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекет
перспективалық жоспары

ЕРЕСЕК «КҮНШУАҚ» ТОБЫ (4 ЖАСТАН) 2022-2023 оқу жылы

Айы	Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
	Физикалық қасиеттерді дамыту	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалды қадаммен (оңға және солға) жүру Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру.

Физикалық қасиеттерді дамыту	Денешынықтыру	Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар қолданылу маңыздылығын түсіну, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.

		Көркем әдебиет Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, жатқа айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор: Айналасындағы заттар көкөністер мен жемістер туралы білімдерін кеңейту. Туыстық қарым-қатынасты «сіңлі», білдіретін сөздерді үйрету. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: 2-3 сөзден тұратын сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыру; Сөздерді жіктеп, тәуелдеп қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу: Қысқа сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға
	Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздер Жиын Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атау. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.

			Кеңістікті бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.
	Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Балалардың гүлдер, табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
		Мүсіндеу	Ермексаз кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды көкөніс-жемістерді өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
		Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үймен таныстыру.

			Геометриялық пішіндерден, , жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
		Құрастыру	<i>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</i> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, композиция құрастыру, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
		Музыка	Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,

		кіріспеден кейін қимылдарды бастау Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Заттық әлем Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып(мектеп, кітапхана, дүкен т.б.), атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс және қозғалыс құралдары Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын (қоғамдық) танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдау. Жолда жүру ережелері Көлік түрлері, бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, және т.б.) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді копсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы,

		қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

«БЕКТЕМ»

МҚКБ «Астана» филиалы - бөлімшесі
менгерушісі Ж. Мақұлбекова
«15» қазан 2022 жыл



Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-
әрекет перспективалық жоспары

ЕРЕСЕК «КҮНШУАҚ» ТОБЫ (4ЖАСТАН) 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Қазан	Физикалық дағдыларды дамыту	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып жүру Тепе-теңдікті сақтау. Қолды екі жаққа созып, басқа қаншық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу, жүру. Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып, шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Етіпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Секіру. Аяқты бірге, аздап қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастырып) секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. 1,5 м қаншықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірінің жанына сапқа тұру. Екеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және нық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) қолдарды төмен
-------	-----------------------------	---------------	---

Қазан	Физикалық дағдыларды дамыту	Денешынықтыру	түсіру; кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Кеудеге арналған жаттығулар . Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру.. Аяққа арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (Ж-з) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттеріді айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.

	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту, жұмбақ шешу Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру.
	Қазақ тілі	Дамытушы тілдік орта Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор Қоршаған ортадан тыс заттар мен өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Туыстық қарым-қатынасты («жеңге ,жезде») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаттату, жұмбақтар шешкізу Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.
Танымдық-		Математика негіздері

зияткерлік дағдыларды дамыту			Жиын Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сан, санау 5-ке дейін реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, Шама екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру Геометриялық фигуралар Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, Кеңістікті бағдарлау заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу		Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Қоңыр, қызғылт сары, таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «күс қанаты», «бүршік», салу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу		заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.
	Жапсыру		Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністер, оюларды қиюда қолдану. Дайын пішіндерден құстар . пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне

		орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Сандықты әшекейлеу . Геометриялық пішіндерден, ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	<i>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</i> Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, көлемді пішіндерге себет, қорапқа айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары,.), тұрмыстық заттарымен (мес,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи дәннің түрлерінен, заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Музыка	Музыка тыңдау Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты) дыбыстарды ажырату Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету Музыкалық-ырғақты қимылдар

		марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру Заттық әлем Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Еңбекке баулу Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман,) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр

		жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, және т.б.), еңбек, Өсімдіктер әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру
Физикалық дағдыларды дамыту	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. сапта бір-бірден жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау. бөрененің бойымен жүру. Жүгіру. сапта «жыланша», жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу Секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып секіру Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттарды оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), лақтыру; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Екеуден, бірінің артынан бірі қатарға тұру Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</i> қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.

			Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.
Қараша			
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: заттардың атауларын, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Байланыстырып сөйлеу Балаларды, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттерді әңгімелеп айтуға,
		Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,

		әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі	Дамытушы тілдік орта Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Қоршаған ортада жануарлардың, құстардың, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Туыстық қарым-қатынасты «жеңге», «жезде) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасылық мерекелер туралы айтуға баулу. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беру. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, қолдана білуге үйрету. үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын өзбетінше ретімен қайталап айтуға баулу.
	Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.

		Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. ұзын-қысқа, енді-енсіз, сын есімдермен белгілеу. Геометриялық фигуралар Балаларды, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолдану Кеңістікті бағдарлау заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр және т.б.).
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты» заттың бетіне салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу
	Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді қиюда қолдану. өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе

		өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, кірпіш), , оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету орамдарға айналдыра білу, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары,.), тұрмыстық заттарымен (келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (қағаз, тері) және қалдық (қораптар.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
	Музыка	Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, шегінде жоғары, төмен) Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

		Билер Жеңіл, ырғақпен қозғалу;. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, Заттық әлем Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, Байланыс және қозғалыс құралдары Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), эксперимент барысында құм, саздың қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі

			аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі Бақылау барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау Жануарлар әлемі Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау және т.б.); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
<u>Желтоқсан</u>	Физикалық дағдыларды дамыту	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру.Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, кол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау.Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Жүгіру.Шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Секіру. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; Лақтыру, домалату, қағып алу. Допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.

		Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, бір орыннан екінші орынға қою.. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату.. Қимылды ойындар Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: заттардың атауларын, олардың жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды

			зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
		Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, Сахналық қойылымдарға қатысуға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
		Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән ү, ұ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Қоршаған ортада табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. санамақтар, жаңылтпаштар, жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.

		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді септеп қолдана білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттау.
Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигураларды, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау).
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының тұрмыстық заттарға, қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «бұршік», «қызғалдақ» заттың бетіне салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.

		Мүсіндеу	Сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін жануарлар бейнесін жасауда қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
		Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Дайын пішіндерден гүлдер пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, тұрмыстық, киімдерге жапсыру дағдыларын қалыптастыру.
		Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Құрастыру <i>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</i> Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазд ілмекке және т.б. айналдыра білу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (тері) және қалдық (қораптар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

		Музыка	Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (септима шегінде жоғары, төмен), тыңдату. Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Домбырада қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру жүппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту,
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру		Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем Балаларды заттық әлеммен таныстыру Қазақ халқының ұлттық әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе,) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы жабдықтарына байланысты екені туралы (ұшақ, тік ұшақ, зымыран және тағы басқа) білу, Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Байланыс және қозғалыс құралдары Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.

			Еңбекке баулу Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, және т.б. Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астанақаласы олардың көрікті жерлері туралы ұғымдарын дамыту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары эксперимент барысында қар қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі Бақылау, эксперимент барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бөлмегүлдер Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.
Қаңтар	Физикалық дағдыларды дамыту	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып жүру Тепе-теңдікті сақтау. басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру Еңбектеу, өрмелеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, Секіру. бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Лақтыру, домалату, қағып алу. 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана

		ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</i> қолды иыққа қойып, шынтактарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам) Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> . Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау. Шаңғымен жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,
Комуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді,

		есімдіктерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі	Дамытушы тілдік орта Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Қоршаған ортадан тыс заттар, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Өзінің отбасы, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы

		Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. өзінің тәжірибесіне сүйеніп ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу.
Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. . Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері,
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, басқа халықтардың өнер туындыларына, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету
	Мүсіндеу	Ермексаз, Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.

		Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден құстар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (ожау) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (тері) және қалдық (кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Музыка	Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау, жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және

		қимылдармен сүйемелдеу Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем Балаларды заттық әлеммен таныстыру телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны

			туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), туралы білімді қалыптастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілікке, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным – Қазақстан Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Қазақстан Республикасының қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Жолда жүру ережелері Көлік түрлері, жол бөліктері. «Қоғамдық көлік аядамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (, тұман, қар, боран және т.б.) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында мұз, қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша және орман). Жануарлар әлемі Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.
--	--	--	--

			қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (қыстап қалған құстарға жем беру) баулу
Ақпан	Физикалық дағдыларды дамыту	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Еңбектеу, өрмелеу. 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Секіру. секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, Лақтыру, домалату, қағып алу. допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бағыт бойынша түзелу Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</i> <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек

		әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Қазақ тілі	Дамытушы тілдік орта Еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Сөздік қор Қоршаған ортадан тыс заттар мен тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

		Байланыстырып сөйлеу Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Сан, санау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру,. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, Кеңістікті бағдарлау Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен),кеңейту.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының тұрмыстық заттарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз», «қой ізі» салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, мүсіндеу Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен торсықпен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.

			Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
		Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Дайын пішіндерден балықтар. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды безендіру дағдыларын дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
		Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру . Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру тұрмыстық заттарымен (астау) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (кенеп) және қалдық (кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
		Музыка	Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу Музыкалық-ырғақты қимылдар музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау

		Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, Заттық әлем Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін кеңейту, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, және т.б. Жақындарының мамандықтарымен ,олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Менің Отаным – Қазақстан Қазақстан Республикасының қалалар мен ауылдардың атаулары, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар,

			жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
Наурыз	Физикалық дағдыларды дамыту	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүру Тепе-теңдікті сақтау. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту; Жүгіру., 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Секіру., 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, Лақтыру, домалату, қағып алу. допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. оңға, солға бұрылу, орнында айналу Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</i> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (кезекпен), төмен түсіру, қолдарын

		арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> . Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау. Велосипед тебу. үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге

			баулу. Балаларды, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
		Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, айтыс өнеріне баулу.
		Қазақ тілі	Сөздік қор Қоршаған ортада тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Салт -дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері		Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық фигуралар Балаларды салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау,

			жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Уақытты бағдарлау «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу		Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Басқа халықтардың өнер туындылары бойынша сурет салуда заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу		Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, Балалардың қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін үй құстары мен жануарларды мүсіндеуде қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру		Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қию арқылы композитция жасау. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.

		Құрастыру Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (блок және т.б.) және атау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (диірменмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мата және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау
	Музыка	Музыка тыңдау музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, (ре-си бірінші октава шегінде).. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу Музыкалық-ырғақты қимылдар музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойнадағы музыкалық қимылдарды қолдану.

		Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарымен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Байланыс және қозғалыс құралдары Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару және т.б. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілікке баулу Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Жолда жүру ережелері жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін бекіту. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, және

			т.б.) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Өсімдіктер әлемі Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, гүл тұқым) туралы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, , олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), туралы ұғымдарын кеңейту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау,
Сөзін	Физикалық дағдыларды дамыту	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Жүгіру. орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу.. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Секіру., 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), секіру; Лақтыру, домалату, қағып алу. допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапта араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар . Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.

			<i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту
Комуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың (с-ш) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
	Көркем әдебиет		Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттау Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, айтыс өнеріне баулу. Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
	Қазақ тілі		Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

	Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Сан, санау Қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Геометриялық фигуралар геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау Уақытты бағдарлау «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
	Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне басқа халықтардың өнер туындыларына, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
		Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ертегі желісімен сюжеттік композициялар құру, Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен мүсіндеуге баулу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
		Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Дайын пішіндерден құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, ұлттық киімдерді геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын

			қалыптастыру.
		Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес), олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру., ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау.
		Музыка	Музыка тыңдау Музыканың сипатын сезінуге үйрету, жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән

		айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерімен атауды бекіту, отбасындағы сүйікті адамдары туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Заттық әлем Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Еңбекке баулу Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілікке баулу Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ, және т.б.) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, тас қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша және орман). Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде –

			көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім баулу. қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).
Мамыр	Физикалық дағдыларды дамыту	Денешынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Жүгіру. орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу. бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Секіру. қысқа секіргішпен секіру; Лақтыру, домалату, қағып алу. допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар <i>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</i> <i>Кеудеге арналған жаттығулар</i> <i>Аяққа арналған жаттығулар</i> Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор Заттардың атауларын, материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, қолдана білуге үйрету

		Байланыстырып сөйлеу Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айту. Сөздік қор Табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бұрыннан таныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын, өзбетінше ретімен қайталап айтуға баулу.
Танымдық-зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Кеңістікті бағдарлау заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, Уақытты бағдарлау Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.

	Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту	Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су», элементтерін тұрмыстық заттарда орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
		Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, қоршаған табиғат құбылыстарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу Үлкен кіші мүсінді қатар беру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
		Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы, оюларды қиюда қолдану. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарын пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру
		Құрастыру	<i>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</i> Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (жануарлар және т.б.) олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (дәннің түрлері

			және т.б.) және қалдық (қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
		Музыка	Музыка тыңдау жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу,. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. домбыра, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Мектеп туралы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Еңбекке баулу Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі,. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілікке баулу Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.

			Менің Отаным – Қазақстан Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйеге, патриотизмге тәрбиелеу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман). Жануарлар әлемі Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюінсалыстыру Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.

